

**"Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 981 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысына
мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту
министрлігі туралы ережеде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 235-10), 235-11) және 235-12) тармақшалармен
толықтырылсын:

"235-10) жеке және заңды тұлғалар жолданымдарда (арыздарда, шағымдарда), сұрау
салуларда, ұсыныстарда, үн қосулар мен хабарларда көтеретін жүйелі мәселелерді
талдауды, мониторингілеуді және айқындауды жүзеге асыру;

235-11) оқушылардың бойында толеранттылықтың, тұлғааралық және этносаралық
коммуникациялардың жоғары мәдениетін қалыптастыруды қамтамасыз ету, балалар
мен жасөспірімдер арасында профилактикалық шаралар қабылдау және этносаралық
қақтығыстарды анықтау;

235-12) оқушылар арасында толерантты этносаралық қатынастарды нығайтуға,
оларда инклюзивті және мәдениетаралық өзара іс-қимылды қалыптастыруға
бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов